

МРНТИ 15.21.61

Г.С.Турсунгожинова (orcid - 0000-0002-3368-5937)

Психолог. Ғылым. канд.
Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан
e-mail: gulnar3745@mail.ru

<https://doi.org/10.55956/eumx9547>

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛАЙСЫЗ ЖАҒДАЙДАҒЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада экологиялық қолайсыз жағдайдағы тұлғалардың психологиялық ерекшеліктері туралы мәселе қарастырылған. Экологиялық қолайсыз жағдай адам ағзасына теріс және зиянды әсерін зерттеу, кейіннен жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық шиеленістеріне әкелетін ең өзекті, әрі ғылыми-зерттеуді қажет ететін міндеттердің бірі болып табылады. Оны шешу үшін әртүрлі мамандардың, соның ішінде экологтардың, дәрігерлердің, психологтардың, педагогтардың ізденісі қажет. Мәселен, кез келген адамзаттың толыққанды өмір сүруіне, психологиялық қауіпсіздігіне, сонымен қатар, ядролық полигон сынақтарынан зардап шеккен халықтың өмірі мен тіршілігіне, денсаулығы мен психологиялық саулығын қамтамасыз етуге қызығушылық танытқандардың бірлескен күш-жігерін жұмсауын талап етеді.

Тірек сөздер: экологиялық қолайсыз жағдай, ядролық сынақ, адамзаттың толыққанды өмір сүруі, психологиялық қауіпсіздік.

Кіріспе. Экологиялық қолайсыздық аумағында тұратын адамдар радиацияның әсер ету қаупі мен оның денсаулыққа тигізетін әсерінің гиперболизациясынан туындаған ұзақ мерзімді психотравматикалық, психологиялық стрессті бастан кешіреді. Оның себебі, адам денсаулығы үшін радиациялық қауіптің болуы, материалдық жағдайдың жеткіліксіздігі, халықтың радиация туралы білімінің төмен деңгейі. Осыған байланысты экологиялық қолайсыз жағдай адамдарға биологиялық, медициналық әсерлермен қатар психологиялық ерекшеліктері де маңызды болып табылады.

Ядролық полигон сынақтарының зардабы ең бірінші адамның денсаулығын құртады. Семей ядролық полигоны зардабынан радиацияға ұшыраған адамдар саны күрт өсті. Ол уланған аймақтағы тұрғындар арасында онкологиялық, жүрек-қан тамыр, жүйке және психикалық аурулар. Өзіне қол жұмсап суицидтік әрекет жасағандар, психикалық ауытқулармен азап шегіп, өлім құшқан адамдар қаншама. Әр отбасында дүниеге кемтар болып келген балалар саны да жылдам көбейді [1].

Бұрынғы Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) экологиялық қолайсыздық өңірлерінің қатарына жатқызылды. Ядролық полигонның жабылуына байланысты негізгі оқиғалар 80-жылдардың соңында өрбіді. Ол «Невада-Семей» халықаралық қозғалысы. Ал оның көшбасшысы қоғам қайраткері және ақын О.Сүлейменов болды (1990). 1990 жылы 29 тамызда «Ядролық сынақтардан зардап шеккендер одағы» құрылды. Одақ қызметінің негізгі басымдықтары ядролық қарудың таралуына қарсы күрес, зардап шеккен адамдарды медициналық оңалту, қоршаған ортаны сауықтыру, экологиялық білім беру [2]. Осы мәселенің өзектілігі әрине психологтардың да зерттеу жұмысын күрделендіре түсті. Біз зерттеу жұмысымызда

экологиялық қолайсыз өңір ретінде саналған аймақтың тұрғындарының психологиялық ерекшеліктерін анықтадық.

Бұрынғы Семей полигонының айналасында физиктер, биологтар, әлеуметтанушылар, дәрігерлер зерттеулер жүргізді. Мұнда халық санының демографиялық өсуі байқалады, бірақ орташа өмір сүру ұзақтығы төмендеді. Сонымен қатар, радиациямен ластанған аумақтарда тұратын халықтың ұзақ өмір сүруге кедергі болатын әртүрлі психологиялық бұзылулар пайда болды.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Респонденттер ретінде ядролық полигонның сынақтарынан зардап шеккен бұрынғы Семей облысының (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Абай, Абралы, Жаңасемей, Бесқарағай аудандарының тұрғындары таңдалды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін салыстырмалы бақылау тобына бұрынғы Семей облысының (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Көкпекті ауданының тұрғындары алынды. Олар радиоактивті ластанбаған аумақтың тұрғындары.

Ядролық полигон қызметінің салдарынан зардап шеккен Қазақстанның едәуір аумақтарында тұратын эксперименттік топтардың респонденттерінде психологиялық мазасыздық пен стресстің жай-күйімен сипатталатын дағдарыстық жағдай қалыптасты. Тиісінше, созылмалы психологиялық стресстің әсері олардың өмір сүруінің барлық аспектілеріне әсер етті. Ол денсаулық жағдайының бұзылуынан бастап әлеуметтік бейімделудегі кедергілердің болуына дейін [3].

Бұрынғы Семей облысының Абай, Абралы, Бесқарағай және Жаңасемей аудандарының эксперименттік топтарында депрессия, эмоционалдық тұрақсыздық, ашуланшақтық, ұялшақтық көрсеткіштері басым болды, олар FPI жеке сауалнамасының нәтижелерімен расталды. Соңғысы эмоционалды шиеленісті, көңіл-күйдің төмендеуін, әсерлілікті, осалдықты, шешімсіздікті, өз қабілеттеріне деген сенімсіздікті, денсаулығына шамадан тыс қамқорлықты көрсетті [4]. Эксперименттік топтардың респонденттерінің жеке ерекшеліктеріне жүргізілген зерттеу олардың мүдделерінің ішкі тәжірибеге бағытталғандығын, жеке мазасыздық деңгейінің жоғарылағанын көрсетеді.

Сонымен қатар, соматикалық сезімдерді қабылдау субъектілер үшін жеке маңыздылығына байланысты гипертимиялық сипатта болды және «екінші реттік пайда» мағынасын иеленді. Басымдықта ядролық полигондағы сынақтардың әсерінен зардап шеккен респонденттердің мінез-құлқы агрессивтілік пен үрейлену ерекшеліктерімен сипатталды. Бұл денсаулықтың төмендеуі және психосоматикалық аурудың радиациялық әсерімен себеп-салдарлық байланысы.

Зерттеу нәтижелері. Эксперименттік топтардың респонденттерінде үнемі шаршау, наразылық, мазасыздық, ашуланшақтық, пессимизмге бейімділік қасиеттерінің белгілерінің жоғары көрсеткіштерімен сипатталады. Бұл белгілер ядролық полигондағы сынақтардан зардап шеккен субъектілердің өзін-өзі бағалауының төмендеуіне, қоғамдық гомеостаздың бұзылу механизмінің қалыптасуына, депрессиялық сәттердің көрінуіне, көңілсіздікке, әлеуметтік дезадаптация процесінің өрістеуіне және күйзеліс жағдайына әкеледі.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Зерттеу нәтижелері бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағында тұратындар радиацияның әсер ету қаупі мен оның денсаулыққа тигізетін зардаптарының гиперболизациясынан туындаған ұзақ мерзімді психотравматикалық, психологиялық күйзеліске ұшырайды деген қорытынды жасауға негіз береді. Сауалнама,

эксперименттік зерттеу нәтижелері бойынша ұзақ мерзімді психологиялық стресстің себептері адам денсаулығына ұзақ мерзімді радиациялық қауіптің болуы, материалдық жағдайдың жеткіліксіздігі, ақпараттық фактор, халықтың радиация туралы білімінің төмен деңгейі және оның әсеріне байланысты биологиялық, медициналық және басқа да әсерлер болып табылады.

Бірінші атомдық жарылыстың радиоактивті өнімдері Семей аумағындағы елді мекендерге жабылды. Тұрғындар радиациялық сәулеленудің қорқынышты дозасын алды. Халыққа денсаулыққа өте зиян ядролық сынақ жасалғаны туралы тіпті ескертілген жоқ [5].

Тұжырым жасай келе, Абай, Абралы, Бесқарағай және Жаңасемей аудандарының эксперименттік топтарының респонденттерінде психологиялық мазасыздықтың жоғары деңгейіне әсер ететін негізгі факторлар денсаулыққа алаңдаушылық, материалдық жеткіліксіздік, экологиялық жағдай болып табылады.

Эксперименттік топтағы 70% респондент және бақылау тобындағы 64% респондент ядролық сынақтардан зардап шеккендерге қажетінше көмек көрсетілмеді деген пікірде. Ал ядролық сынақтан зардап шеккен респонденттердің 60% кез келген көмек заң шеңберінде әрекет етуі тиіс деп есептейді, сәкесінше бұл пікірге 60% бақылау тобындағы респонденттердің жауабы ұқсас болды.

Когнитивті процестерді зерттеу нәтижелері бойынша бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттік топтардың респонденттеріндегі психологиялық ерекшеліктердің сипаты шамалы. Шалғай аймақта тұратын сол кезеңдегі радиоактивті ластанған аумақтардың респонденттерінде бақылау тобымен салыстырғанда мазасыздық көрсеткіші бойынша статистикалық маңызды айырмашылықтар ($p \leq 0,01$) бар. Оларға тұрақты шаршау, әлсіздік, сарқылу сезімдерінің бір мезгілде үйлесуі бақылау тобының 32% болса, бұл мінез-құлық көрсеткіштері салыстыртырмалы зардап шеккен эксперименттік топтардың тұрғындарының 66%-на тән.

Эксперименттік топтардың респонденттерінде Ч.Д.Спилбергердің «ситуациялық және жеке мазасыздық шкаласы» әдісін қолдана отырып жүргізілген эксперименттік зерттеу алыс кезеңде жеке мазасыздықтың жоғары деңгейі анықталды. Бұл Абай және Жаңасемей аудандары ($p \leq 0,01$), Абралы және Бесқарағай аудандары ($p \leq 0,05$), Көкпекті ауданының бақылау тобымен салыстырғанда ситуациялық мазасыздықтың нәтижелері бойынша маңызды сенімді нәтижелер болған жоқ.

Эксперименттік топтардың респонденттері бақылау тобынан айырмашылығы, FPI жеке сауалнамасына сәйкес, күйзеліс жағдайына тән невротикалық, депрессиялық, ашуланшақтық, эмоционалды тұрақсыздық белгілері бар болды.

Бұрынғы Семей ядролық полигонының аумағында тұратын респонденттердің сауалнамасын талдау мен зерделеу нәтижелері бойынша ұзаққа созылған психологиялық стресстің себептері анықталды. Олар: аумақтардың радиоактивті ластануы және халықтың сәулеленуі туралы ақпаратты субъективті қабылдау, адамдардың денсаулығы үшін ұзақ мерзімді радиациялық қауіптің болу фактісі [6]. Бұл Семей ядролық полигонында өте адам өмірі үшін қауіпті қаруды сынауға ұшыраған аумақтарда тұратын адамдардың психологиялық жағдайы жоғары маңызға ие болып табылады.

Қорытынды. Осы зерттеу барысында пайдаланылған әдістемелердің көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтардың маңыздылығын зерттеу

иондаушы сәулеленудің жанама әсеріне ұшыраған респонденттердің эксперименттік топтарының психологиялық ерекшеліктері бақылау тобынан ерекшеленетінін көрсетті. Эксперименттік топтардың респонденттері бақылау тобынан айырмашылығы астениялық компоненті бар невротикалық жоғарылау белгілерімен, психосоматикалық ауруларға бейімділікпен, ашуланшақтықпен, шешімсіздікпен, басқаларға және өзіне деген сенімсіздікпен сипатталады, бұл жеке тұлғаның жалпы бейімделуіне кері әсеріне әкеледі.

Осылайша, біз бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумақтарында ерекше оңалту саясатын әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыру қажеттігін ұсынамыз. Оның ең маңызды міндеті халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын жақсарту, әрі радиациялық тәуекелді қабылдауды азайту, ядролық сынақтардың салдарын зардап шеккен халықтарға психологиялық, медициналық қолдау көрсету жұмыстарын күшейту болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Балмуханов, С.Б. Семипалатинский полигон: медицинские и социальные последствия ядерных испытаний [Текст] / С.Б. Балмуханов. - Алматы: Атамура, 1998. – С. 64-74.
2. Абишев, М.А. Социальные последствия влияния радиации на здоровье населения Казахстана [Текст] / М.А. Абишев // Поиск (серия социология). – 2002. – № 4. – С. 139-147.
3. Сахаров, В.К. Локальное и региональное радиоактивное загрязнение [Текст]: учебное пособие / В.К. Сахаров. – Спб.: Изд-во «Лань», 2006. – С. 173-177.
4. Турсунгожинова, Г.С., Психологическая характеристика лиц в условиях экологического неблагополучия [Текст] / Г.С. Турсунгожинова, Г.К. Джумажанова // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. – 2014. – № 5 (102). – С. 179- 185.
5. Турсунгожинова Г.С. Исследование лиц, подвергшихся ионизирующему излучению и совершивших аутоагрессивные действия [Текст] / Г.С. Турсунгожинова // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. – 2015. - № 2 (53). – С.176-185.
6. Турсунгожинова, Г.С., Жолдасова М.К. Оценка уровня социально-психологической напряженности населения в условиях влияния экологически неблагополучной среды [Текст] / Г.С.Турсунгожина, М.К. Жолдасова // . Вестник КазНУ им. аль-Фараби. – 2015. - № 4 (55). – С. 86-94.

Мақала редакцияға 22.12.23 түсті.

Г. С. Турсунгожинова

Университет Шакарима, Семей, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЛИЦ В УСЛОВИЯХ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО НЕБЛАГОПОЛУЧИЯ

Аннотация. В статье рассматривается вопрос о психологических особенностях лиц, находящихся в экологически неблагоприятных условиях. Изучение негативного и вредного воздействия неблагоприятной экологической ситуации на организм человека является одной из наиболее актуальных и научно-исследовательских задач, приводящих в последующем к социально-психологическому напряжению личности. Для ее решения необходимы поиски различных специалистов, в том числе экологов, врачей, психологов, педагогов. Например, требует совместных усилий тех, кто

заинтересован в полноценной жизни, психологической безопасности любого человечества, а также в обеспечении жизни и быта, здоровья и психологического благополучия населения, пострадавшего от испытаний на ядерном полигоне.

Ключевые слова: экологически неблагоприятная зона, ядерные испытания, полноценное выживание человечества, психологическая безопасность.

G. S. Tursungozhinova

Shakarim University, Semey, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL CHARACTERISTICS OF INDIVIDUALS IN AN UNFAVORABLE ENVIRONMENTAL SITUATION

Abstract. The article deals with the question of the psychological characteristics of individuals in an unfavorable environmental situation. The study of the negative and harmful effects of an unfavorable environmental situation on the human body is one of the most urgent and requiring research tasks, which subsequently leads to socio-psychological tensions of the individual. To solve it, the search for various specialists is required, including environmentalists, doctors, psychologists, teachers. For example, it requires joint efforts of those interested in ensuring the full life, psychological safety of any human being, as well as life and Health and psychological well-being of the population affected by nuclear test sites.

Key words: environmental unfavorable situation, nuclear testing, full-fledged human existence, psychological security.

References

1. Balmuxanov, S.B. Semipalatinskii' poligon: medicinskie i social'nye posledstviya jadernyx ispytaniy [Semipalatinsk ground: medical and social consequences of nuclear tests. - Almaty: Atamura, 1998. – pp. 64-74.
2. Abishev, M.A. (2002) Social'nye posledstviya vliyanija radiacii na zdorov'e naselenija Kazahstana [Social consequences of influence of radiation on the health of population of Kazakhstan]. Poisk (Request) (sociology series). – 2002. – № 4. - S. 139-147.
3. Sakharov, V.K. (2006) Lokal'noye i regional'noye radioaktivnoye zagryazneniye. [Local and regional radioactive contamination]. – St. Petersburg: Publishing house "Lan", 2006. – pp. 173-177.
4. Tursungozhinova, G.S., Dzhumazhanova G.K. (2014) Psihologicheskaja harakteristika lic v usloviyah ekologicheskogo neblagopoluchija [Psychological description of persons in the conditions of ecological trouble] // Bulletin of the L.N. Gumilev Eurasian National University. – 2014. – № 5 (102). – Pp. 179- 185.
5. Tursungozhinova, G.S. (2015) Issledovaniye lits, podvergshikhsya ioniziruyushchemu izlucheniyu i sovershivshikh autoagressivnyye deystviya // Bulletin of the Al-Farabi Kazakh National University. – 2015. - № 2 (53). – Pp. 176-185.
6. Tursungozhinova, G.S., Zholdasova M.K. (2015) Otsenka urovnya sotsial'no-psihologicheskoy napryazhennosti naseleniya v usloviyakh vliyaniya ekologicheskoi neblagopoluchnoy sredy // Bulletin of the Al-Farabi Kazakh National University. – 2015. - № 4 (55). – Pp. 86-94.